

"Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 18 қазандағы № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 қазанда № 33558 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19242 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Мына:

1) табиғи монополия субъектісінің тұтынушыларға қойылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысу шарттарына сай келмеуі;

2) Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес газ тарату ұйымдарынан газ сатып алу;

3) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алу жағдайларын қоспағанда, стратегиялық тауарларды сатып алу тікелей стратегиялық тауар өндірушілерден жүзеге асырылады.

Бұл ретте стратегиялық тауарларды сатып алу рәсімі осы Қағидаларға сәйкес конкурс тәсілімен жүзеге асырылады.";

206-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"206. Сәулет және қала құрылышы органдарының өтініші бойынша табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға техникалық шарттарды беруді табиғи монополия субъектісі:

1) техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін – бес жұмыс күні ішінде;

2) техникалық жағынан күрделі объектілер үшін – он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттар жобалаудың, құрылыштың нормативтік кезеңіне беріледі және оларды сәулет және қала құрылышы органдары мемлекеттік қала құрылышы кадастрына ұсынады.

Құрылыштың нормативтік ұзақтығы үш жылдан асқан жағдайда, техникалық шарттардың қолданылу мерзімі құрылыштың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда құрылыш кезеңіне ұзартылады.

Құрылыштың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда техникалық шарттар берілген күнінен бастап үш жыл өткеннен кейін жарамсыз деп есептеледі.

Сәulet және қала құрылышы органдының өтініші бойынша техникалық шарттарды беру табиғи монополия субъектісінің Заңың 24-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оларды сәulet және қала құрылышы органдына жіберуі арқылы осы тармақта белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 284-1-тармақпен толықтырылсын:

"284-1. Табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11111 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсыну қағидасына сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес мемлекеттік қала құрылышы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде:

1) мыналар:

резерв;

белгіленген қуат және (немесе) сыйымдылық;

бос және қолжетімді қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың бар-жоғы;

желілердің өткізу қабілеттілігі;

орналасқан жері (елді мекен көшелерінің атауын көрсете отырып);

ұзындығы;

брондалған қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың саны және олардың брондау мерзімдері;

көрсетілетін қызметтерді түпкі тұтынушыларға ұсыну үшін технологиялық процесте пайдаланылатын қолданыстағы қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың саны туралы ақпаратты;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын желілерді немесе өзге де мүлікті орналастыру схемаларын машинамен оқылатын түрде орналастырады және (немесе) жаңартып отырады".

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

A. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылым

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Су ресурстары және иригация

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК